

Қожа Ахмет Ясауи атындағы халықаралық қазақ-түрік университеті
Экономика, басқару және құқық факультеті
Қызмет көрсету саласы даярлау бағыты бойынша
Академиялық комитет мәжілісінің
№5 хаттамасы

Түркістан қаласы

24.01.2024ж.

Қатысқандар: АК төрағасы: А.Исаева, АК мүшесі, академиялық персонал М.Сабытханова, білім беру бағдарламасының оқытушылары: Б.Кылыч, А.Абубакирова, Б.Шарханова, Б.Кенешбаев, Б.Дандаева, А.Куралбаев, Е.Айнакожаев және АК мүшесі, жұмыс беруші өкілі: Н.Д.Медеуов, Б.Б.Нүридін АК мүшесі, білімгерлер өкілі А.Уалдинұлы.

Қатыспағандар – жоқ.

Күн тәртібі:

1. 2023-2024 оқу жылына бакалавриат деңгейіндегі ББ мазмұнын талдау. ББ-ларына мониторинг жүргізу
2. ББ сапасына қанағаттану деңгейін анықтау үшін жұмыс берушілер арасында сауалнамалар жүргізу
3. Бакалавр деңгейіндегі ББ (Қос диплом) мақсаттарын және оқыту нәтижелерін тұжырымдау

Тыңдалды:

1. 2023-2024 оқу жылына бакалавриат деңгейіндегі ББ мазмұнын талдау. ББ-ларына мониторинг жүргізу

АК төрағасы А.Исаева сөз алып 2023-2024 оқу жылында «Қызмет көрсету саласы» даярлау бағыты бойынша дайындалған, жаңартылған білім беру бағдарламаларының мазмұнына талдау жасау керектігін, ол үшін барлық оқытушы-профессор құрамы, студенттер осы білім беру бағдарламаларымен танысып шығулары керек екендігін, нәтижесінде өз пікірлерін ортаға салулары керек екендігін, сонымен қатар ББ сапасын үздіксіз жаңарту және нарықта сұранысқа ие болуын қамтамасыз ету мақсатында жұмыла көтерген жүк жеңіл болатынын, бірлесіп жұмыс жасау қажет екендігін айтып өтті.

2. ББ сапасына қанағаттану деңгейін анықтау үшін жұмыс берушілер арасында сауалнамалар жүргізу

АК төрағасы А.Исаева сөз алып, екі білім беру бағдарламаларының сапасына қанағаттану деңгейін анықтау үшін жұмыс берушілер арасында сауалнама жүргізілгендігін айтып өтті.

Жұмыс берші өкілі Б.Нүридін сөз алып, Білім беру бағдарламаларының арнайы және кәсіби құзыреттері «Атамекен» Қазақстан Республикасы Ұлтық кәсіпкерлер палатасының кәсіби стандарттары негізінде жоғары деңгейді дайындалғандығын айтып, өз ұсыныстарын білдірді: практикалық сабақтар санын арттыру және халықаралық тәжірибе бағдарламаларын ұйымдастыру (келісім шарттар жасау; оқытуда дуалды әдіс қолдану).

Сөз кезегін жұмыс беруші өкілі Н.Медеуов алып, «Атамекен» Қазақстан Республикасы Ұлтық кәсіпкерлер палатасының кәсіби стандарттары негізінде білім беру бағдарламасындағы арнайы және кәсіби құзыреттердің кәсіби стандарттар негізінде жоғары деңгейде дайындалғандығын атап, ұсынысы ретінде қазіргі таңдағы туризм саласында білікті маманға қойылатын талап ол шет тілдерді меңгерумен қатар, ақпараттық технологияларды да меңгеруі қажет екендігін атап өтті.

3. Бакалавр деңгейіндегі ББ (Қос диплом) мақсаттарын және оқыту нәтижелерін тұжырымдау

АК төрағасы А.Исаева сөз алып, Түркия мемлекетіндегі Мугла Сытқы Кочман университетімен жүргізілген келісім негізінде екі білім беру бағдарламалары бойынша:

Туризм менеджменті, Мейрамхана және қонақ үй бизнесі білім беру бағдарламалары бойынша мақсаттары мен оқыту нәтижелері Мугла Сытқы Кочман университетінің ББның мақсаттары және оқыту нәтижелері негізге алынып жасалынып жатыр деп танысытырп өтті.

Шешім:

Сауалнама нәтижесі және жұмыс берушілердің ұсыныстары есепке алынсын.

Қаңтар айында атқарылған іс-шаралар нәтижесі жақсы деп бағалансын.

АК төрағасы



А.Исаева